

М.П. Асылбекова, Қ.Т. Атемова, Б.Ж. Сомжүрек

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: masylbekova725@gmail.com)*

Түркістан облысындағы жасөспірімдер арасында буллинг және кибербуллингтің орын алу жағдайы

Аңдатпа. Мақалада бүгінгі мектеп оқушылары арасында жиі кездесетін буллинг және кибербуллинг мәселесінің Түркістан облысы бойынша орын алу жағдайы туралы баяндалады. Онда алдымен «Буллинг» және «Кибербуллинг» түсініктері туралы сипатталып, оның себептері мен салдарлары туралы теориялық деректер келтіріледі. Ғылыми ақпараттар қаншалықты көпшілік арасында таныс екендігі мен мектеп оқушылары тарапынан қолданылуын айқындау үшін және Түркістан облысындағы жасөспірімдер арасында бұл мәселенің орын алу жағдайын білу мақсатында арнайы құрастырылған сауалнамалар аудандардағы мектептерге таратылып, нәтижелері өңделді. Зерттеу барысында теориялық талдау, бақылау, сауалнамалар жүргізу әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері диаграммалар арқылы көрсетіліп, оңтүстік өңіріндегі жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллингтің жағдайы айқындалды және оның алдын алуға ата-аналар мен мектеп педагогтары үшін нақтылы ұсыныстар берілді.

Түйін сөздер. Буллинг, кибербуллинг, жасөспірімдер, әлеуметтік орта және көзқарас, алдын алу, аутинг, хейтинг, фрейтинг, диссинг, кетфишинг, грифинг, бэйтинг.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-144-3-47-55>

Кіріспе

Қоғам дамуының қарқыны артып, техникалық құралдар мен цифрлық технологиялар дами түскен сайын адамдар арасындағы қарым-қатынас та күрделене түсуде. Бұл әсіресе үлкен өмірден тәжірибесі жоқ жасөспірімдер қарым-қатынасында қиындықтар мен кедергілер тудыруда. Материалдық-техникалық құралдардың адам өмірін жеңілдетер қызметімен қоса, оған зиянын тигізетін де тұстарын пайдалану жастар арасында етек алды. Солардың бірі – бүгінгі жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллинг мәселесі.

Жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллинг құбылысының кеңінен орын алуы бүгінде қоғамда мемлекеттік тұрғыдан мәселе ретінде өткір қойылып, көпшілікті алаңдатып отыр. 2020 жылғы 1 маусымда балаларды кибербуллинг және өзге зорлық түрлерінен қорғаудың қазақстандық бағдарламасы бекітілді. Өйткені, БҰҰ Қазақстанда зерттеу жүргізген кезде елдегі балалардың 79 пайызы сәби күнінен бастап кемсіту мен қорлыққа тап болатынын анықтаған [1]. Соңғы жылдары сандық технологиялардың дамуы себепті балаларға қатысты зорлық түрлеріне кибербуллинг немесе онлайн қорлау қосылған. Соның кесірінен жасөспірімдер ғаламтордағы белгісіз топтардың құрбанына айналып, тіпті араларында өз-өзіне қол жұмсайтындары кездесіп отырғандығы өкінішті.

Теориялық шолу

Буллинг пен кибербуллинг дегеніміз – адам құқығының өрескел бұзылуы. Сонымен қоса бір адамның немесе адамдар тобының екінші адамға қасақана және үнемі зиян келтіруі [2]. Буллинг сөзі ағылшын тілінің «bully» яғни қорқыту деген мағынаны білдіреді. Бұл

физикалық агрессияны ғана емес, психологиялық қысым, қорқыту, тартып алу, қорлау дегенді де білдіреді. Мұндай теріс әрекеттер физикалық байланыс, сөздер немесе басқа да әдістер түрінде де болуы мүмкін.

Кибербуллинг – адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқытып, зорлық көрсету. Кибербуллингке кез-келген адам тап болуы мүмкін. Бірақ бұл тәсілмен шабуыл жасайтындар негізінен кәмелет жасына толмаған мектеп оқушыларын нысанаға алады. Өйткені, қорғансыз балалар қорыққаннан өзіне қысым жасалып жатқаны туралы ешкімге айтпайды. Тіпті ата-анасы мен жақындарына тіс жармай, шабуылшының айтқанынан шықпайды.

Ғаламтордағы қауіп-қатермен күресте ата-ананың рөлі маңызды. Олар баланың қауіпсіздігіне ең бірінші кезекте жауапты адамдар болуы тиіс. Сондықтан, ата-аналарға балаларына интернеттегі қауіп туралы айтып, мінезіндегі кез-келген өзгерісті бақылауы және дер кезінде мән бере қарап, шара қолдануы тиіс. Әйтсе де, бүгінгі ата-аналар күнделікті тіршілікпен отбасындағы бала тәрбиесіндегі мұндай құбылыстар ерекше байқалмаса оған арнайы мән беріп, балаларымен тығыз қарым-қатынаста бола бермейтіні рас. Буллинг құбылысы мектептегі жасөспірімдер арасында жиі орын алады. Сондықтан, буллингті мектеп деңгейінде төмендету шаралары буллингтің алдын алу бойынша бағдарламаларды енгізуді, оған ата-аналарды тартуды, тәртіптік әдістерді қолдануды, мектептегі әлеуметтік ахуалды жақсартуды, балалардың әрекеттерін қадағалауды қамтиды [3].

Ал, ұлттық деңгейде кешенді стратегиялар мен алдын алу бағдарламаларын, жоғары ақпараттандыру шаралары мен буллинг және кибербуллинг құрбандарына қолдау көрсету қызметтерін барынша дамыту маңызды.

Кибербуллинг ұғымын сандық технологияларды пайдалану арқылы қорқыту деп те түсінуге болады. Кибербуллинг әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде, ойын платформаларында және ұялы телефондарда болуы мүмкін. Бұл қорқыту нысанасына айналған адамды қорқытуға, ашуландыруға немесе масқаралауға бағытталған мақсатты мінез-құлық моделі. Оның түрлері мынадай:

Шеттету – интернеттегі жасөспірімнің қарым-қатынас ортасынан құрбанды қасақана шеттету. Мысалы: ойынға, кездесулерге немесе топқа кіргізбеуі, онлайн-әңгімелерден шығарып тастауы;

Қудалау – жасөспірімді хабарламалар арқылы қорлайтын сөздер жазып жеке не топ чаттарына жіберу;

Аутинг – жеке ақпаратты иесінің рұқсатынсыз жариялау, тікелей қорқытулар, өсектер жариялау;

Хейтинг – қорлаушы комментарийлер жазушылар және оның фотосының астындағы немесе хат алмасудағы адам туралы жағымсыз пікірлер жазу.

Фрейпинг – бала немесе жасөспірімнің жеке парағын иеленіп алып, оның атынан жаман ақпарат жариялауы. Бұл құрбанның беделіне нұқсан келтіреді;

Жалған профиль қолдану – шынайы есім мен фамилиясын не телефон номерін пайдалана отырып, жалған парақша ашу;

Диссинг – бала туралы жалған ақпарат жазу немесе оның атынан жарнама жасау. Бұл баланың беделін түсіріп, басқалармен қарым-қатынасын бұзуы мүмкін;

Кетфишинг – кибербуллер баланың жеке парақшасына ұқсайтын жаңа парақша ашып, ішіне жеке суреттерді салып қоюы. Достар тізіміне баланың достарын қосады, сұраған кісілерге бұрынғы парақшаның бұзып алғанын не парольді ұмытқанын айтып сылтауратуы мүмкін. Осы парақша арқылы өзгелерден ақша сұрап не бала атынан жаман сөздер жазылуы мүмкін.

Грифинг – онлайн-ойындар ойнау барысында қасақана кедергілер келтіру және ойыннан ләззат алуына бөгет жасау.

Секстинг – құрбанның жалаңаш немесе жартылай жалаңаш фотолары мен видеосын орналастыру.

Бэйтинг – басқа адамды әдейі ренжіту.

Маскерейдинг – онлайн харассмент үшін жалған тұлға жасау.

Ростинг – қудалаудың құрбаны «берілгенше» топтық онлайн қудалау.

Троллинг – арандатушылық немесе қорлайтын тақырыптар туралы хабарламалар жіберу.

Міне, осындай буллинг және кибербуллингтің салдарынан болатын психологиялық зиян, қорқыту сияқты, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі мен оқу үлгерімінің төмендеуіне, ашушаң болуға, мазасыздыққа, депрессияға, мектептен қашуға, мектептегі зорлық-зомбылыққа және суицидке алып келеді. Жасөспірімдердің жартысынан көбі кибербуллингтен кейін ашуланады, шамамен үштен бір бөлігі ауырады, ал 15 пайызға жуығы қорқады [4].

Бүгінде жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллингтің мұндай түрлері әлемдік деңгейде кеңінен етек алып барады. Алыс шетел ғалымдары да мұндай құбылыстардың әртүрлі сипаттағы түрлеріне арналған зерттеулерін жүргізіп, өз тұжырымдарымен бөлісуде. Атап айтқанда виктимдік мінез-құлықты оқушыларды әлеуметтік ортада әшкерелеу мен шеттету [5], мінезі жұмсақ, көнбіс балаларға зорлық көрсету [6], желілердегі зорлық-зомбылықты жариялау арқылы бопсалау [7] секілді құбылыстар жиі орын алады.

Зерттеу әдістері

Мақала жазуда тақырып аясында жинақталған ғылыми зерттеулер мен жарияланымдарды жинақтау, жүйелеу және талдау, салыстыру мен тұжырымдау, жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллингтің жағдайын диагностикалау мақсатында жүргізілген сауалнамалар мен интервью, жинақталған мәліметтерді өңдеу және т.б. зерттеу әдістері бір-бірімен байланыста және сабақтастықта қолданылды. Сауалнама Түркістан облысының аудандарына таратылып, мектептердегі 5-10 сыныптар аралығындағы оқушыларды қамтыды. Сауалнамаға жалпы саны бойынша барлығы 171 оқушы қамтылды. Түркістан қаласы, Шымкент қаласы және Түркістан облысына қарасты аудандардың оқушылары қатысты. Сауалнама мынадай сұрақтарды қамтыды:

1. Сіз буллингтің не екенін білесіз бе?
2. Кейбір адамдар басқаларды қорлайтын жағдайларды кездестірдіңіз бе?
3. Кездестірген болсаңыз қандай формада көрдіңіз?
4. Өзіңіз қудалаудың қатысушысы болдыңыз ба?
5. Бұзақылық қай жерде жиі кездеседі?
6. Сіздің ойыңызша, кімдер зорлық-зомбылыққа көбірек ұшырайды?
7. Мұғалімдердің мектеп оқушыларына қысым жасау жағдайларын кездестірдіңіз бе?
8. Сіз зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балаларға ересектер жеткілікті түрде көмектеспейді деп ойлайсыз ба?
9. Сіздің ойыңызша, білім беру ұйымында қорлауды болдырмауға болады ма?
10. Білім беру ұйымындағы бұзақылықты кім тоқтата алады деп ойлайсыз?
11. Сіз сыныпта мені төмен бағалайды және сыйламайды деп ойлайсыз ба?
12. Егер де, сыныптасымды менің алдымда ренжітсе, мен...
13. Сен жалғыздық пен алаңдаушылықты жиі сезінесің бе?
14. Менің сыныптастарым менен жақсырақ сияқты деп ойлайсың ба?
15. Сыныптастарыңның арасында достарың көп пе?
16. Сенің сыныбыңда саған ұнамайтын балалар бар ма?
17. Сіздің ойыңызша, қорлау мәселесі бойынша кімнен көмек күтуге болады?
18. Сіздің сыныбыңыз қаншалықты ұйымшыл?

Зерттеудің нәтижелері


Сауалнама нәтижелерін арнайы диаграммаға салып, көрсеткіштерін салыстырмалы түрде тұжырым жасадық. Нақты айтатын болсақ, сұралған оқушылардың 76%-ы буллинг және кибербуллингтің не екенін жақсы білетін болып шықты. Небәрі 24%-ы ғана бұл мәселеден хабарсыз екендігін айтқан.

«Буллингті кездестірген болсаңыз қандай формада көрдіңіз» деген сұраққа негізінен балалар балағаттауды көрсеткен (55%). Респонденттердің 38%-ы намысына тиіп, қорлауды айтты. Ал 7%-ы физикалық тұрғыдан күш көрсетіп, зорлық көрсеткенін айтқан. Оны төмендегі диаграммадан көреміз.

Диаграмма 1.

Кездестірген болсаңыз қандай формада көрдіңіз?

171 ответ




Түркістан облысы бойынша оқушылардың дені өздерінің жәбірленуші ретінде зорлық-зомбылықтың құрбаны болмағанын мәлімдеген (87,7%). Әйтсе де, 5,3%-ы өздерінің өзгелер тарапынан зорлық-зомбылық көргенін айтқан. Ал, 7%-ы зорлық-зомбылықтың куәсі болғанын мәлімдеген. Бұл оқушылар психологиясына әсер етіп, қорқыныш немесе үйреніп кетушілікке алып келетін келеңсіз қасиеттерге алып келуі әбден мүмкін.

Диаграмма 2.

Өзіңіз құдалау, қорлаудың қатысушысы болдыңыз ба?


171 ответ



Оқушылар жауаптарынан біз буллинг (зорлық-зомбылықтың) қоғамдағы кез-келген жерде орын алуы мүмкін екендігін байқаймыз. Оған дәлел, «Бұзақылық қай жерде жиі кездеседі?» деген сұраққа оқушылардың 46,2%-ы мектепте кездеседі деген, 46,2%-ы әлеуметтік желілерде, интернетте деп айтқан жауаптары бола алады. Ал, 32,7%-ы аулада, көшеде қысым көрсету мен зорлық жасау әрекеттерінің орын алатынын жазған. Бұдан шығатын қорытынды, жасөспірімдер жүретін жерлердің бәрінде де зорлық-зомбылық құбылыстарының орын алуы қалыпты көрінетінін байқауға болады.

Балалардың басым бөлігі өз жауаптарында буллинг және кибербуллинг құрбандары көбінесе мінезі жуас, дене бітімі әлжуаз, көзқарасы нақты емес, тұрақсыз, өзіндік ұстанымы әлсіз балалардың тап болатынын сипаттаған. Одан тыс та бірқатар белгілерін атаған. Оны төменгі диаграммадан көруге болады.


Диаграмма 3.



Мектептегі жасөспірімдер жауаптарын таразылап байқайтын болсақ, буллинг және кибербуллинг құбылысының алдын алуда ересектер тарапынан олқылықтар жіберіліп отыратынын көруге болады. Осы бағытта түсіндіру жұмыстары мен тәрбиелік шаралардың жеткіліксіз жүргізілуі немесе дер кезінде аңғарып, алдын алмау секілді құбылыстарды оқушылар тарапынан байқайтыны сезіледі. Олар ересектерден дұрыс шара көру әрекеттерін күтпегендіктен зорлық-зомбылыққа тап болғандаол туралы ашық айтпайтын секілді. Оқушылардың басым бөлігі ересектер тарапынан осындай құбылысты дер кезінде байқап, агрессор өз жазасын алатын болса мұндай зорлық-зомбылықтың алдын алуға болатынын айтқан. Өйткені, оқушылар жауаптары, ересектерге ұсыныс айтқандай-ақ. Әйтсе де, мұның алдын алуға күмәнмен қарайтындар да болды.

Диаграмма 4.

Мұғалімдердің мектеп оқушыларына қысым жасау жағдайларын кездестірдіңіз бе?
171 ответ




Мектептегі жасөспірімдер өздеріне буллинг және кибербуллингтік мәселе туындағанда ең алдымен көмек сұрайтын адамдары ретінде әртүрлі санаттағы тұлғаларға жүгінетінін айтқан. Мұны білу біз үшін де үлкен қызығушылық тудырды. 5-диаграммадан көріп тұрғанымыздай мектеп оқушылары өзгелер тарапынан зорлық-зомбылық немесе қысым көрген жағдайда ең алдымен мектеп әкімшілігіне жүрінген дұрыс деп санайтынын, екінші кезекте ата-аналарының көмегіне жүгінетінін, үшінші кезекте мектеп психологының, бесінші кезекте мұғалімдер қауымынан көмек күтетінін айтқан. Сыныптастарының көмегі ең соңғы орында болуының себебі түсінікті әрине, олар өздерін қорғап алса да жаман болмас деген шығар. Әйтсе де, сыныптастар өз жолдастарының қысым көруіне

бей-жай қарап тұрмас болар. Сыныптастарының жабыла көмектесіп, шама-шарқына қарай көмекке келерін білетіндіктен, олар тарапынан көмек күтетінін жасырмаған. Оны төмендегі диаграммамен көрсеттік:

Диаграмма 5.

Сіздің ойыңызша, қорлау мәселесі бойынша кімнен көмек күтуге болады. (Маңыздылығы бойынша кезекпен орналастырыңыз, мұнда 1 ең маңызды, 5 маңызды емес)




Мектептегі оқушылар ұжымы қаншалықты ынтымақты болса, олардың қарым-қатынасында да буллингтік және кибербуллингтік әрекеттер мұншалықты орын алмаған болары анық. Ол туралы да сұрап білгенімізде, оқушылар ұжымымен де жұмыс жүргізудің қажеттілігін анықтадық.

Диаграмма 6.

Сіздің сыныбыңыз қаншалықты ұйымшыл? Сұрақты 5-тен 0-ге дейінгі шкала бойынша бағалаңыз.

171 ответ



Бұл диаграммада көрсетілген мәліметтер мектеп оқушыларының арасында өзара алауыздықтың болғанына қарамастан, ұйымшылдық пен ұжымшылдықтың да болатынын көрсететі. Осы орайда «Сіздің сыныбыңыз қаншалықты ұйымшыл?» деген сұраққа респонденттердің 30,4%-ы өз сыныптастарын өте ұйымшыл деп танитынын айтқан. Ал, оқушылардың 25,1%-ы сыныпта аздаған тәртіпке бағынбайтындардың да бар екендігін көрсетсе, 18,1%-ы сынып оқушыларының ұйымшылдығын орташа деп, қалған бөлігі ұйымшылдықтың төмендігін көрсеткен.

Міне, жоғарыдағы диаграммалардан көріп отырғанымыздай жасөспірім жастағы балалардың көпшілігі зорлық-зомбылықтың құрбаны және куәгері болып жүргендігін білуге болады. Олардың өздерін қорғауы мен мектеп әкімшілігі және ата-аналары тарапынан қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты сенімі мен көзқарастары да әртүрлі.

Қорытынды

Жоғарыдағы диаграммаларда көрсетілген оқушылар жауаптарынан мектептегі жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллинг құбылысының орын алып отырғандығын, бұл құбылысты әрбір оқушы қалыпты күнделікті кездестіріп жүрген әрекет ретінде қабылдайтыны байқалады. Әйтсе де, әр оқушының қабылдауына байланысты эмоционалдық тұрғыда әртүрлі салдарға әкелетінін ескеретін болсақ, олардың қарсы қорғану іс-әрекеті мен көзқарастарының да әртүрлі нәтижемен аяқталатынын болжаймыз. Сондықтан, ересектер тарапынан дер кезінде буллинг және кибербуллингтің алдын алу үшін нақты ұсыныстар береміз:

- Жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллингтің алдын алу мақсатында мектептің әлеуметтік педагогы, психологтары мен сынып жетекшілері тарапынан жүйелі түрде тәрбиелік ықпал жасау арқылы адами сапаларды жоғарылату шараларын ұйымдастыруды күшейту қажет.

- Жасөспірімдердің ата-аналары арасында буллинг және кибербуллингтің алдын алу мақсатында мектеп тарапынан сауаттандыру жұмыстарын жүргізу қажет.

- Буллингке қатысушы және буллингтің құрбаны болған балаларды айқындап, олармен жеке жұмыстар жүргізу және ұжымдық шаралар арқылы ұжымдық ынтымақтастықты орнатуға күш салу қажет.

- Мектеп оқушылары арасында буллинг және кибербуллинг туралы, оның салдары мен жауапкершілігі туралы психологиялық және тәрбиелік шараларды, апталықтар мен декадалар өткізіп тұру қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Букалорова Л.А., Остроушко А.В., Муратханова М.Б., Букалоров А.А. Противодействие кибербуллингу несовершеннолетних в Российской Федерации, Республике Казахстан и США. // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. – 2018. – № 3(124). – С.39-46.
2. Салпина К.Е. Мектеп оқушыларының психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ерекшеліктері. //«Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II-Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті. –2022. – 365 б.
3. Байжуманова Б.Ш. Қазіргі кездегі жастар арасындағы буллинг мәселесі // Материалы международной научно-практической онлайн-конференции, посвященной 175-летию Абая Кунанбаева и 1150-летию Абу Насыр аль-Фараби по теме «Современные проблемы гуманитарных и социальных наук». – Алматы, 2020. – С. 45-48.
4. Токсанбаева Н.Б., Мадалиева З.Б., Санай. Г.Е. Жасөспірімдік ортадағы буллингті зерттеу мәселесі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы журналы. «Психология» сериясы. – 2020. – № 2(63). – С.159-169.
5. Dr Michael J. Boulton, Mark Trueman, Lindsay Murray Associations between peer victimization, fear of future victimization and disrupted concentration on class work among junior school pupils //British Journal of Educational Psychology. – 2008. – Vol.78. – Is.3. – P. 473-489.
6. Katarina Dutkova, Jana Holubcikova, Michaela Kravcova, Peter Babincak, Peter Tavel&Andrea Madarasova Geckova Is Spiritual Well-Being Among Adolescents Associated with a Lower Level of Bullying Behaviour? The Mediating Effect of Perceived Bullying Behaviour of Peers // Journal of Religion and Health. – 2017. – Vol.56. – P.2212–2221.
7. Аллаярова Н.И. Кибербуллинг в киберпространстве // Научные труды ЮКГУ им. М. Ауэзова. – Шымкент. – 2020. – № 4 (56). – С 176-180.

М.П. Асылбекова, Қ.Т. Атемова, Б.Ж. Сомжүрек

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Состояние буллинга и кибербуллинга среди молодежи в Туркестанской области

Аннотация. В статье описывается возникновение проблемы буллинга и кибербуллинга, распространенной среди современных школьников в Туркестанской области. Описываются понятия «буллинг» и «кибербуллинг», а также приводятся теоретические данные о его причинах и последствиях. В целях определения того, насколько научная информация широко известна и используется школьниками, а также выяснить состояние встречаемости данной проблемы среди подростков Туркестанской области, в школы районов были розданы специально подготовленные анкеты, а результаты были обработаны. В ходе исследования использовались методы теоретического анализа, наблюдения, опроса. Результаты исследования представлены в виде диаграмм, определена ситуация буллинга и кибербуллинга среди подростков южного региона, даны конкретные рекомендации по его профилактике для родителей и школьных учителей.

Ключевые слова: буллинг, кибербуллинг, подростки, социальная среда и отношение, профилактика, аутизм, хейтинг, фрейтинг, диссинг, кетфишинг, грифинг, бэйтинг.

M.P. Asylbekova, K.T. Atemova, B.Zh. Somzhurek

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The state of bullying and cyberbullying among youth in Turkestan region

Abstract. The article describes the state of the problem of bullying and cyberbullying, widespread among modern school children in the Turkestan region. The concepts of "Bullying" and "Cyberbullying", theoretical data on its causes and consequences are described. In order to determine the extent to which scientific information is widely known and used by schoolchildren, as well as to find out the state of occurrence of this problem among adolescents in the Turkestan region, specially prepared questionnaires were distributed to schools in the districts, and the results were processed. In the article were used methods of theoretical analysis, observation, and survey. The results of the study are presented in the form of diagrams, the situation of bullying and cyberbullying among adolescents in the southern region is determined, and specific recommendations are given for its prevention for parents and school teachers. The article was made within the framework of the targeted program funding of the grant project of the Committee of Science, the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan on the topic BR 185744152 «Development of preventive measures for child bullying and the study of its relevant aspects».

Keywords: Bullying, cyberbullying, adolescents, social environment and attitudes, prevention, outing, hitting, frapping, dissing, catfishing, grieving, batting.

References

1. Bukalerova L.A., Ostroushova A.B., Murathanova M.B. Protivodeistvie kiberbullingu nesovershennoletnih v Rossiskoi Federasi, Respublike Kazahstan I SChA. L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ulttyk universitet Habarshusy [Cyberbullying protectorates in the Russian Federation University Bulletin]. 2018. No.3 (124). P. 39-46, [in Kazakh].
2. Salpina K.E. Mektep okushylarynyn psihologiyalyk kauypsizdigin kamtamasyz etudin ereksheliktery «Pedagogikalyk bilim berudin uzdiksizdigi-zamaniui pedagogikalyk tabystylygynyn kepili» atty Halykaralyk gylymi-tajiribelik konferensy materialdary. II-Kitap [Features of ensuring the psychological safety of schoolchildren. Materials of the International Scientific and Practical Conference "Continuity of pedagogical education is the key to the success of modern teachers." Book II]. (Kostanai, A.Baitursunov atyndagy Kostanai onirlik universiteti, 2022, 365 p.), [in Kazakh].
3. Baijumanova B. Sh. Kazirgi kezdegi jastar arasindagy bulling maselesi. Materialy mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi onlain-konferency, posveshionnoi 175-letiyu Abaya Kunanbaeva I 150-letiyu Abu Nasyr Al-Farabi po teme «Sovremennye problemy gumanitarnyh I sochialnyh nauk» [The question of

bullying among young people is currently. Material of the International Practical Online Conference dedicated to the 175th anniversary of Abai Kunanbayev and the 1150th anniversary of Abu Nasir al-Farabi on the topic "Modern problems"]. Almaty, 2020. P. 45-48, [in Russian].

4. Toksanbaeva N.B., Madalieva Z.B., Sanai G.E. Jasospirimdik ortadagy bullingti zerttey maselesi. Abai atyndagy KazUPU Habarshysy jurnaly. «Psihologiya» seriyasy [The problem of researching bullying in the adolescent environment // Bulletin of KazNPU named after Abay. "Psychology" series]. 2020. No.2(63). P.159-169, [in Kazakh].

5. Dr Michael J. Boulton, Mark Trueman, Lindsay Murray. Associations between peer victimization, fear of future victimization and disrupted concentration on class work among junior school pupils. British Journal of Educational Psychology. 2008. Vol.78. Is.3. P. 473-489.

6. Katarina Dutkova, Jana Holubcikova, Michaela Kravcova, Peter Babincak, Peter Tavel&Andrea Madarasova Geckova. Is Spiritual Well-Being Among Adolescents Associated with a Lower Level of Bullying Behaviour? The Mediating Effect of Perceived Bullying Behaviour of Peers. Journal of Religion and Health. 2017. Vol.56. P.2212–2221.

7. Allayarova N.I. Kiberbulling v kiberprostranstve. Nauchnye Trudy Auezov universiteti [Cyberbullying in cyberspace // Scientific works of Yukgu]. Chymkent. 2020. No.4 (56) P. 176-180, [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет:

Асылбекова М.П. – педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика кафедрасының профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Атемова Қ.Т. – педагогика ғылымдарының докторы, педагогика кафедрасының профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Сомжүрек Б.Ж. – Ph.D., профессор, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Asylbekova M.P. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Professor, Department of Pedagogy, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Atemova K.T. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Department of Pedagogy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Somzhurek B.Zh. – PhD, Associate Professor, Dean of the Faculty of Social Sciences, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.